



20 18 жылғы "18" сәуір айы

"18" 09 20 18 года

**Аудиторлық есеп**

**Есік қаласы**

**Аудиторский отчет**

**№ 2 дана**

**I. Кіріспе бөлік**

**1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:** «Еңбекшіқазақ ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, (бұдан әрі Мекеме) Алматы облысы Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2009 жылдың 02 наурызында заңды тұлға ретінде қайта тіркелген. Алматы облыстық қазынашылық департаментінің Еңбекшіқазақ ауданының қазынашылық басқармасы арқылы қызмет көрсетіледі. Жеке сәйкестендіру коды KZ90070103KSN0912000, бірегей жеке коды KKMFKZ2A, бизнес сәйкестендіру нөмірі 031140003431.

**1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы:** жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануына аудит жүргізу.

**1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты:** жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

**1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні:**

2016-2017 жылдардың қаңтар-желтоқсан айлары:

001 «Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер»;

002 «Жұмыспен қамту бағдарламасы»;

004 «Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету»;

005 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек»;



006 «Тұрғын үй көмегі»;

007 «Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек»;

010 «Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету»;

011 «Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу»;

014 « Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету»;

016 «18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар»;

017 «Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету»;

021 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»;

025 «Өрлеу" жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу»;

050«Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру»;

067 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары».

**1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі: сәйкестік аудиті.**

**1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы** (мемлекеттік аудиторлар сертификаттарының нөмірлері көрсетіле отырып): Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторы Шыңғысбаев Нұрсұлтан Айтбайұлы, мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы 2016 жылдың 05 желтоқсанындағы №0322 сертификаты.

**1.7. 2018 жылғы 27тамыздағы №02-16/43.29-495-Т Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге** Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Жұбаныш Жұмақанұлы Ноғайбековтың тапсырмасы. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы облысы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесінде №181900002100012/00093 нөмерімен 2018 жылдың 10 қыркүйегінде С.Байтасовпен тіркелген.

**1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2016 жылдың қаңтар айынан бастап 2017 жылдың желтоқсанын қоса алғанда.

**1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2018 жылдың 11 қыркүйегінен 18 қыркүйек аралығы.

**1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:** 2018 жылғы 07 қыркүйектегі «Аудиторлық іс – шараны, тексеруді жүргізу туралы» № 02-13/165 хабарламасы беріле отырып, «Еңбекшіқазақ ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қалдыгүл Оспанәліқызы Айсинаның рұқсатымен, мекеменің бас маман-есепшісі Алма Аменқызы Қуанышбаеваның қатысуымен жүргізілді. Аудитпен қамтылған мерзім аралығында бірінші қол қою құқығына Қ.

Айсина ие. Екінші қол қою құқығына аудитпен қамтылған мерзім аралығында А. Қуанышева ие. .

**1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі:** (жүргізілген кезде көрсетіледі).

**1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:** Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман-мемлекеттік аудиторлары Қ.Ожаров пен Ғ.Күмісбеков 2014 жылдың 01 желтоқсанынан бастап 2016 жылдың желтоқсанын қоса алған кезенді қамтып, жергілікті бюджеттен қаражатының Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес пайдаланылуына аудит жүргізген. Қалааралық телефондарға шалынған қоңырауларға, бюджеттік өтінімде қарастырылмаған лимиттен артық 23,0 мың теңге төленгені анықталған, бұл сома бюджет есебіне құйдырылған. Аудит есебі 2016 жылдың 21 сәуірінде жазылған.

## **II. Негізгі бөлік.**

### **Аудит бағдарламасын ашып жазу:**

Аудит бағдарламасымен қамтылған жалпы бюджет қаражатының сомасы 1073740,2 мың теңге, соның ішінде жылдар бөлінісінде: 2016 жылы 541906,4 мың теңге, 2017 жылы 531833,8 мың теңге.

### **Мемлекеттік аудит көрсеткіштері және көрсеткіштердің әрбіреуіне аудиторлық іс-шараның мәселелері:**

Мәнділік, аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де факторлардың көлемі.

### **Жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі:**

#### **2.1.1. Аудит бағдарламасындағы мәселенің атаулары:**

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығы.

3. Мемлекеттік мекемелердің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы:

- а) мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларын есептеу және төлеу
  - б) азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын есептеу және төлеу
  - в) еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды есептеу және төлеу
4. Іс сапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігі.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуы

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы мен дұрыстығы, дебиторлық және кредиторлық қарыздар.

8. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуы:

а) Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігі

б) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

в) Тұрғын үйге көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

г) Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

д) 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақыларға жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

е) Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз етуге жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

**2.1.1.2. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:**

**1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі.**

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы, бекітілуі мен орындалуында және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, 04.12.2014 жылғы №540 «Бюджеттің орындалуы және оған қасалық қызмет көрсету туралы Ережесі», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы №511 бұйрығы басшылыққа алынып, бюджеттік сыныптама кодтарына және экономикалық классификатор ерекшеліктеріне сай қажеттілік есептері жасалған. Қаржыландыру жоспары толықтай орындалған. Аудитпен қамтылған кезеңде міндеттемелер мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған қаражаттар негізінен игерілген.

(Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындалуы туралы кесте аудиторлық есепке №2 қосымшада тіркелді.)

*Бағдарлама мәселесі: бюджеттік бағдарламалар бойынша әкімшілік шығыстарды жоспарлау. Мемлекеттік мекемелерде қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

**2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығы.**

2016 жылғы 451/001/015/144 «Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер»

15.04.2016 ж. № 17-ші шарт негізінде 87924,82 теңгеге өнім беруші ЖШС «Петрофон»-дан 19.04.16ж. №114-ші накладнойымен бензин АИ-92, 15.04.2016 ж. № 14 шарт негізінде 93597,84 теңгеге өнім беруші ЖШС «Петрофон»-дан 19.04.16ж. №113-ші накладнойымен бензин АИ-92, 19.09.2016 ж. № 42-ші шарт негізінде 194897,19 теңгеге өнім беруші ЖШС «Askar»-дан 21.09.16 ж. № 433-ші накладнойымен бензин АИ-92, 02.06.2016 ж. № 25-ші шарт негізінде 577212,86 теңгеге өнім беруші ЖШС «Алем АРС»-дан 19.04.16ж. № 234-ші накладнойымен дизтопливо сатып алынған  
2016 жылғы 451/001/015/149

2016 жылғы 451/014/015/144 «Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету» 15.04.2016 ж. № 13-ші шарт негізінде 141815,02 теңгеге өнім беруші ЖШС «Петрофон»-дан 19.04.16ж. №112-ші накладнойымен бензин АИ-92, 15.04.2016 ж. № 16-ші шарт негізінде 141815,02 теңгеге өнім беруші ЖШС «Петрофон»-дан 03.05.16ж. №111-ші накладнойымен бензин АИ-92, 19.09.2016 ж. № 43-ші шарт негізінде 315915,04 теңгеге өнім беруші ЖШС «Askar»-дан 21.09.16 ж. № 432-ші накладнойымен бензин АИ-92 сатып алынған.

2016 жылғы 451/001/015/149  
19.10.2016 ж. № 46-ші шарт негізінде 85000,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Кожушко»-дан 20.10.16ж. № 436 накладнойымен дөнгелек, 08.11.16 ж. № 49-ші шарт негізінде 94814,36 теңгеге өнім беруші АҚ «Казпочта»-дан 07.11.16 ж. № 148 накладнойымен газет- журналдарды сатып алу, 17.11.16 ж. № 53-ші шарт негізінде 98582,4 теңгеге өнім беруші ЖШС «Арсен и Н»-дан 21.11.16 ж. № 00000000097-ші накладнойымен қағаз сатып алынған

2016 жылғы 451/014/015/149  
08.11.2016ж. № 50-ші шарт негізінде 5000,00 теңгеге өнім беруші ЖК «SKYCOMP»-дан 16.11.16 ж. № 135-ші накладнойымен клавиатура, 01.03.2016 ж. № 6-ші шарт негізінде 12500,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Кожушко»-дан 04.03.16 ж. № 0000000001-ші накладнойымен аккумулятор, 28.02.2016 ж. № 12-ші шарт негізінде 54080,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Шаминов»-дан 31.03.2016 ж. № 35-ші накладнойымен кеңсе тауарлар, 23.05.2016 ж. № 23-ші шарт негізінде 59049,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Кадесова»-дан 25.05.16 ж. № 37-ші накладнойымен сумкалар, 26.05.2016 ж. № 24-ші шарт негізінде 94500,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Павлодарское общество инвалидов»-дан 16.06.16 ж. № 429-ші накладнойымен халаттар,

07.09.2016 № 41-ші шарт негізінде 72350,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Камшат» 26.09.2016 № 58-ші накладнойымен кеңсе тауарлар, 12.10.2016 ж. № 44-ші шарт негізінде 40000,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Кожушко»-дан 20.10.16 ж. № 0000000005-ші накладнойымен дөнгелек, 07.09.2016 № 39-ші шарт негізінде 20000,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Камшат» 26.09.2016 № 57-ші накладнойымен калькулятор, 08.11.2016 ж. № 56-ші шарт негізінде 15169,69 теңгеге өнім беруші АҚ «Казпочта»-дан 07.11.16 ж. № 148 накладнойымен газет- журналдарды сатып алу.

2016 жылғы 451/014/015/414

08.11.2016 ж. № 51-ші шарт негізінде 30000,00 теңгеге өнім беруші ЖК «SKYCOMP»-дан 16.11.16 ж. № 137-ші накладнойымен UPS, 04.07.2016 ж. № 29-ші шарт негізінде 35000-00 теңгеге өнім беруші ЖК «Ксандопуло Павел Христофорович»-дан 27.07.2016 ж. № 36-ші накладнойымен UPS, 08.11.2016 ж. № 54-ші шарт негізінде 90000,00 теңгеге өнім беруші ЖК «SKYCOMP»-дан 16.11.16 ж. № 139-ші накладнойымен UPS, 08.11.2016 ж. № 55-ші шарт негізінде 100000,00 теңгеге өнім беруші ЖК «SKYCOMP»-дан 16.11.16 ж. № 140-ші накладнойымен UPS, 09.11.2016 ж. № 60-ші шарт негізінде 200000,00 теңгеге өнім беруші ЖК «SKYCOMP»-дан 16.11.16 ж. № 141-ші накладнойымен UPS.

2016 жылғы 451/002/102/149 «Жұмыспен қамту бағдарламасы Халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар» бағдарламасы бойынша 226,0 мың теңгеге тауар сатып алынған: 07.09.2016 № 37-ші шарт негізінде 23600-00 теңгеге өнім беруші ЖК «Камшат» 26.09.2016 № 55-ші накладнойымен кеңсе тауарлар, 07.09.2016ж. №38-ші шарт негізінде 202400-00 теңгеге өнім беруші ЖК «Камшат» 26.09.2016 № 56-ші накладнойымен кеңсе тауарлар.

Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 5999,9 мың теңгеге 17.07.2017 ж. № 66 келісімшарт негізінде ЖШС «АЗИЯ АВТО» өнім берушінен, 25.07.17ж. № ESF-021240001843-20170725-51170918 шот фактурасымен автокөлік сатып алынған.

2017 жылы 451/067/000 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 3224,9 мың теңгеге тауар сатып алынған оның ішінде: 23.11.2017ж. № 89-ші келісімшарт негізінде 1700000-00 теңгеге өнім беруші ЖК «Ксандопуло Павел Христофорович»-дан 28.11.17ж. №136-ші накладнойымен компьютер жиынтығы, 23.11.2017 ж. 90-ші шарт негізінде 29999-00 теңгеге өнім беруші ЖШС «TAUBA TRADE»-дан 11.12.2017ж. № 2-ші накладнойымен принтер, 11.12.2017 ж. № 100-ші шарт негізінде 225000-00 теңгеге өнім беруші ЖК «ARNUR» -дан 14.12.2017 ж. №61-ші накладнойымен UPS, 08.12.2017 ж. № 101-ші шарт негізінде 221000-00 теңгеге өнім беруші ЖК «Ксандопуло Павел Христофорович»-дан 22.12.2017ж. № 161-ші накладнойымен UPS , 08.12.2017 ж. № 102-ші шарт негізінде 206850-00 теңгеге өнім беруші ЖК «Ксандопуло Павел Христофорович»-дан 22.12.2017 ж. № 162-ші накладнойымен компьютерлік жүйелер, 11.12.2017 ж. № 103-ші шарт негізінде

208650-00 теңгеге өнім беруші ЖК «ARNUR» -дан 14.12.2017 ж. № 62-ші накладнойымен көп функциялық құрал, 09.12.2017ж. №104-ші шарт негізінде 182000-00 теңгеге өнім беруші ЖК «Сагатов Б.Ч.»-дан №000000000038-ші накладнойымен офистық жиһаз, 09.12.2017 ж. № 105-ші шарт негізінде 226400-00 теңгеге өнім беруші ЖК «Сагатов Б.Ч.»-дан №000000000039-ші накладнойымен офистық жиһаз, 09.12.2017 ж. № 106-ші шарт негізінде 225000-00 теңгеге өнім беруші ЖК «Сагатов Б.Ч.»-дан №000000000040-ші накладнойымен офистық жиһаз сатып алынған.

2017 жылғы 451/001/000/144 «Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер»

16.10.2017 ж. № 82-ші шарт негізінде 134856,00 теңгеге өнім беруші ЖШС «Петрофон»-нан 25.10.17ж. № ESF-0705400028032-20171025-38282623-ші шотфактурасымен жанармай, 04.04.2017 ж. № 29 шарт негізінде 442732,95 теңгеге өнім беруші ЖШС «Петрофон»-нан 05.04.17ж. №83-ші накладнойымен бензин АИ-92, 27.11.2017ж. № 94-ші шарт негізінде 675059,84 теңгеге өнім беруші ЖШС «Петрофон»-нан 13.12.17ж. № 1094-ші накладнойымен жанармай сатып алынған.

2017 жылғы 451/014/015/144 «Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету » 04.04.2017 ж. № 82-ші шарт негізінде 658951,4 теңгеге өнім беруші ЖШС «Петрофон»-дан 05.04.17ж. №82-ші накладнойымен бензин АИ-92 сатып алынған.

2017 жылғы 451/001/000/149  
12.07.2017 ж. № 62-ші шарт негізінде 139200,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Камшат»-дан 19.07.17ж. № 65 накладнойымен кеңсе тауарлары, 23.11.17 ж. № 88-ші шарт негізінде 8400,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Иманкулова»-дан № ESF-660715402175-20171204-54605951-ші шотфактурасымен шаруашылық тауарлар, 10.10.17 ж. № 77 шарт негізінде 2000,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Алмабек»-тен 11.10.17ж. № ESF-9001280301022-20171011-61655497 шотфактурасымен көлікке керек аптечка, 09.10.2017 ж. № 76-ші шарт негізінде 2500,00 теңгеге 09.10.2017 ж. № ESF-900128301022-20170111-62843899-ші шотфактурасымен өнім беруші ЖК «Алмабек»-тен огнетушитель сатып алынған, 09.10.2017 ж. № 79-ші шарт негізінде 100000,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Алмабек»-тен ESF-900118301022-20171011-64410709-ші шотфактурасымен өнім беруші ЖК «Алмабек»-тен дөнгелек, 15.11.2017 ж. №85-ші шарт негізінде 58625,24 теңгеге өнім беруші АҚ «Казпочта»-дан 20.11.2017 ж. №86-ші счет –фактурасымен газет-журналдарды сатып алынған

2017 жылғы 451/014/015/149  
27.03.2017ж. № 22-ші шарт негізінде 6200,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Байдильдинова»-дан 14.04.17 ж. № 000000000040-ші накладнойымен кеңсе тауарларын, 03.04.2017 ж. шарт негізінде 115134,90 теңгеге өнім беруші ЖШС «Тендер Пром»-нан 14.04.2017 ж. накладнойымен кеңсе тауарларын,

03.04.2017 ж. № 26-ші шарт негізінде 5500,00 теңгеге өнім беруші ЖК «Евтушенко»-дан 18.04.17 ж. № 128-ші накладноймен кеңсе тауарларын, 07.04.2017 ж. № 27-ші шарт негізінде 6100,00 теңгеге өнім беруші ЖШС «Алаш system»-нан 20.04.2017 ж. № 3-ші накладноймен шаруашылық тауарлар сатып алынды, 17.04.2017 ж. № 30,31,32,33,34,35,36 шарттар негізінде 5670-00, 5680-00,8740-48 теңгеге өнім беруші ЖК «Naris»-тан 27.04.2017 ж. № 0166-ші,0168-ші,0169-ші,0170-ші ,0171-ші накладноймен кеңсе тауарлары, 19.04.2017 ж. № 37-ші және № 38-ші шарт негізінде 11600,00 теңге және 66000,00 теңгеге ЖК «Акмеед»-тен 20.04.2017 ж. №1-ші және № 2-ші накладноймен кеңсе тауарларымен дөңгелек сатып алынған, 24.04.2017 ж. № 40-ші,41-ші,43-ші шарт негізінде 4732-12,4798-65,3399-00 теңгеге ЖК «НҰР»-дан 24.04.2017 ж. № 39-ші,42-ші,44-ші накладноймен кеңсе тауарлар сатып алынған, 06.06.2017 ж. №51-ші,№52-ші,53-ші,№54-ші шарт негізінде 24300-00,5400-00,10800-00, 18900-00 теңгеге ЖК «НҰР»-дан 07.06.2017 ж. шаруашылық тауарлар сатып алынған, 23.05.2017 ж. № 50-ші шарт негізінде 8400-00 теңгеге ЖШС «Барыс»-тан 02.06.2017 ж. № ESF-160340020264-20170602-52949471 счет –фактурасымен кеңсе тауарлары, 09.10.2017 ж. №75-ші шарт негізінде 65000-00 теңгеге ЖК «Алмабек»-тен 11.10.2017ж. № ESF-900128301022-20171011-64291412 счет –фактурасымен кеңсе тауарлары, 15.11.2017 ж. №84-ші шарт негізінде 12820,24 теңгеге өнім беруші АҚ «Казпочта»-дан 20.11.2017 ж. №87-ші счет –фактурасымен газет-журналдарды сатып алынған, 14.12.2017ж. №110-ші шарт негізінде 28020,00 теңгеге ЖК «TAURUS-K»-дан 15.12.2017ж. № 00000000041-ші накладноймен шаруашылық тауарлар сатып алынған, 20.12.2017 ж. №109-ші шарт негізінде 16632-00 теңгеге 22.12.2017ж. № 10-ші накладноймен ЖК «Иманкулова »-дан кеңсе тауарлар сатып алынған, 25.12.2017 ж. № 111-ші,113-ші шарт негізінде 2050-00,4400-00 теңгеге ЖК «НҰР»-дан 14.12.2017 ж. № ESF-820605400254-20171224-25943771 және № ESF- 820605400254-20171224-25298009 счет –фактурасымен кеңсе тауарлар, 25.12.2017ж. № 117-ші шарт негізінде 52440,00 теңгеге ЖК «TAURUS-K»-дан 26.12.2017ж. № 00000000042-ші накладноймен кеңсе тауарлар сатып алынған, 22.12.2017 ж. №112-ші шарт негізінде 10080-00 теңгеге ЖК «Жемчуг» -тан 22.12.2017 ж. №00000000001-ші накладноймен кеңсе тауарлары, 21.12.2017 ж. № 115-ші шарт негізінде 3800,00 теңгеге 26.12.2017 ж. № ESF-8006274020039-20171226-62837156-ші счет –фактурасымен кеңсе тауарлары сатып алынды, 20.12.2017 ж. №116-ші шарт негізінде 2000-00 теңгеге 22.12.2017ж. № 11-ші накладноймен ЖК «Иманкулова »-дан кеңсе тауарлар сатып алынған.

2017 жылғы 451/001/000/414

16.03.2017 ж. № 20-ші шарт негізінде 115999,99 теңгеге өнім беруші ЖШС «Алматыгороформление»-дан 29.03.17 ж. № 00000000590-ші накладноймен ел таңба сатып алынған.

Мекеме есеп айырысу кезінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету Ережесіне»

сәйкес атқарылған. Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі» негізінде жеткізін беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген.

Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 нысанына «Шығындардың жиынтық есебі» сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 нысан «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ.

Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген.

Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады.

Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау және жоспардан артық тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған.

Кассалық операциялар жүргізілмеген.

**Бюджеттің қолданылуы мәселесі:** Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығы ішін ара тексерілді. Бұзылыстар, кемшіліктер және оқшау проблемалар анықталған жоқ.

**3. Мемлекеттік мекемелердің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық малақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы.**

*а) мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларын есептеу және төлеу*

Мекеменің 2016 жылғы штаттық кестесі бойынша мемлекеттік қызметкерлер 22 бірлік 45058,0 мың теңге айлық еңбек ақы қорымен «Еңбекшіқазақ ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Е.Жакеевпен келісіліп, Еңбекшіқазақ ауданының әкімі Ы.Бинәлімен бекітілген.

Мекеменің 2017 жылғы штаттық кестесі бойынша мемлекеттік қызметкерлер 22 бірлік 45544,0 мың теңге айлық еңбек ақы қорымен «Еңбекшіқазақ ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Е.Жакеевпен келісіліп, Еңбекшіқазақ ауданының әкімі Ы.Бинәлімен бекітілген.

Мекеменің әкімшілік қызметкерлеріне еңбек ақы Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік бюджет есебінен

қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы органдарының әкімшілік қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» 17.01.2004 ж. №1284 Жарлығына сәйкес есептеліп төленген.

Қызметкерлердің лауазымдық жалақылары мамандығы бойынша комиссия анықтаған жұмыс өтіліне, жұмыскер атқаратын лауазымды қызметтің категориясына, квалификациялық разрядтарға сәйкес анықталған коэффициенттер мен Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген базалық лауазымдық жалақылары негізінде анықталған.

*б) азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын есептеу және төлеу*

Мекеменің 2016 жылғы техникалық қызметкерлер 1 бірлік айлық еңбекақы қоры 1371,0 мың теңге бөлім басшысымен бекітілген. Сонымен қатар мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсететін қызметшілердің тарификациялық тізлімі бойынша 52 бірлік қаралып 63480,0 мың теңге болып бөлім басшысымен бекітілген.

2017 жылғы техникалық қызметкерлер 3 бірлік айлық еңбекақы қоры 1359,0 мың теңге бөлім басшысымен бекітілген. Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсететін қызметшілердің тарификациялық тізлімі бойынша 52 бірлік қаралып 65525,0 мың теңге болып бөлім басшысымен бекітілген.

Оларға еңбекақы төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Мекемеде қызметкерлердің еңбек өтілін есептеу комиссиясы құрылып, еңбек өтілі анықталған. Аудиторлық іс-шарамен қызметкерлердің жеке іс құжаттары, жұмысқа қабылданғаны туралы, босатылғаны, еңбек демалысын алуы туралы бұйрықтар, жұмыс уақытын пайдалану табелі және т.б. құжаттары тексеріліп, еңбек өтілі анықталып бақыланды.

*в) еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды есептеу және төлеу*

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды есептеу және төлеу барысында Қазақстан Республикасының Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 «Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарында қаралған қаржының үнемделуінен сыйақы, материалдық көмек көрсету және қосымша ақы төлеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес есептеліп төленген.

Техникалық қызметкерлерге еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды есептеу және төлеу барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына сәйкес есептелін төленген. Алайда.

Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 30.11.2015 жылғы №908 «Орташа жалақы есептеудің бірінғай қағидалары» бұйрығына сәйкес есептелген.

*Бағдарлама мәселесі мемлекеттік мекемелердің еңбекақыларын реттеу, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы тексерілді.*

**4. Іс сапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігі.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйегіндегі №1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен аталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегендегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысының 10 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, жергілікті жерге іссапарға жіберілген кезде, одан іссапарға жіберілген қызметкердің тұрғылықты жеріне күн сайын қайту мүмкіндігі болса, мынадай тәртіппен шығыстар өтеледі егер іссапарға жіберілген қызметкер тұрғылықты жеріне күн сайын қайтып келсе, онда жол жүру билеттері болған кезде тәулікақыны төлемей, тек қана көліктік шығыстар өтеледі.

**1 тармақ.** Жоғарыда аталған қаулының талаптары сақталмай, яғни аванстық есебі өткізілмеген мекеме қызметкерлеріне жалпы сомасы **27,3 мың тенге** іс сапар шығындары негізсіз есептелініп төленген.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы №6-НҚ «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышын бекіту туралы» нормативтік қаулысының 2.1.1.6 тармағына сәйкес, артық және негізсіз төленген іс сапар шығындары бюджет есебіне өтеледі. (Аудиторлық есепке бұйрықтардың, іс сапар куәліктерінің, төлем тапсырмаларының көшірмелері және бас маман есепшінің түсінігі қоса тіркелді).

*Бағдарлама мәселесі: Іс сапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігі мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. Тексеру жүргізілген құжаттардың Тізбесі №6 қосымша.*

**5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы.**

Мекеме өз теңгеріміндегі жалпы алаңы 863 шаршы метр болатын ғимаратында орналасқан мекен-жайы Есік қаласы, Алматы көшесі №209 үй. Орналасқан алаңдарды пайдалану кезінде ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №335 «Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған алаңдар нормалары мен телефон

байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормалары» қаулысының талаптары сақталған.

Мекеменің теңгерімінде «Ford Transit 300L3H3 SOLLERS SB-IF» маркалы автобусы, «Kia Cerato New» және «Лада21074 автокөліктері тіркелген. Көрсетілген автокөліктерге жанар-жағар май және басқа да шығындар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі №1210 «Автокөлікті ұстау шығындары және жанар-жағар май шығыс нормасы» Қаулысына сәйкес негізделіп есептен шығарып отырылған.

*Бағдарлама мәселесі: мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы қаралды. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. Тексеру жүргізілген құжаттардың Тізбесі№6 қосымша.*

**6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуы.**

Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, шарттарды жасау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.11.1998ж. №1118 «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электр энергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасының 01.07.1999 жылғы №409 «Азаматтық кодексіне» сәйкес жүзеге асырылған. Коммуналдық қызметтер бойынша электр энергиясының шығындары «Алматыэнергосбыт» ЖШС, суық су үшін төленген шығындары «Есік су құбыры» ЖШС мен жасалған шарттар негізінде қазынашылықта тіркеліп және көрсетілген қызметтеріне сәйкес ай сайынғы ұсынылған шот-фактуралар негізінде төленіп отырған.

*Бағдарлама мәселесі: коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. Тексеру жүргізілген құжаттардың Тізбесі№6 қосымша.*

**7. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы мен дұрыстығы, дебиторлық және кредиторлық қарыздар.**

Бухгалтерлік есеп жүргізуде 04.12.2008 жылғы № 95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы № 393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» ережесіне негізделген.

Тоқсандық, жылдық есептер жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған мерзім аралығында негізсіз пайда болған дебиторлық және кредиторлық қарыздар жоқ.

*Бағдарлама мәселесі: бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы мен дұрыстығы, дебиторлық және кредиторлық қарыздар тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және*

жүйелі проблемалар анықталған жоқ. Тексеру жүргізілген құжаттардың Тізбесі №6 қосымша.

**8. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуы:**

а) Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

451/004 «Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету» бағдарламасы бойынша:

2016 жылға 65040,4 мың теңге және 2017 жылға 74178,2 мың теңге бөлініп игерілген.

Бөлінген қаражаттар Алматы облыстық мәслихатының 2014 жылғы 2 желтоқсандағы «Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала үлгісіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу мөлшерін белгілеу туралы» № 39-223 шешімі, Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға және тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға біржолғы ақшалай өтемақы белгілеу туралы» № 42-4 шешімі және 2015 жылдың 9 ақпанындағы «Еңбекшіқазақ ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы» № 42-3 шешімі негізінде 2016 жылы ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға 6133 адамға, 2017 жылы 6458 адамға көмек көрсетіле отырып толенген.

б) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

451/005 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» бағдарламасы бойынша 2016 жылға 33502,0 мың теңге және 2017 жылға 45236,3 мың теңге бөлініп игерілген.

2001 жылғы 17 шілдедегі «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының N 246 Заңы негізінде 2016 жылы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекпен 1062 адам, 2017 жылы 929 адам қамтылған.

в) Тұрғын үйге көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

451/006 «Тұрғын үйге көмек көрсету» бағдарламасы бойынша 2016 жылға 92413,4 мың теңге және 2017 жылға 94997,0 мың теңге бөлініп игерілген, 2016 жылы 2188 отбасы, 2017 жылы 1943 отбасына тұрғын үй көмегі көрсетілген.

Тұрғын үй көмегін көрсету кезінде Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығы, Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 сәуірдегі «Еңбекшіқазақ ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» № 45-2 шешімі негізінде есептелініп төленген.

г) Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

451/007 «Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек» бағдарлама бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ауған соғысының қатысушыларына, Чернобыль апатынан зардап шеккен азаматтарға, «Желтоқсан» оқиғасына қатысқан азаматтарға, аз қамтылған отбасынан шыққан студенттерге және әлеуметтік маңызы бар аурумен ауыратын (туберкулезбен) адамдарға 2016 жылға және 2017 жылға қаралып бөлінген, қаржы игерілген.

2016 жылға жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмекпен 445 адам, 2017 жылы 431 адам қамтылған. Әлеуметтік көмекпен қамту барысында Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысы, Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 қыркүйектегі «Еңбекшіқазақ ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы» N 37-3 шешімі және 2017 жылғы 06 қарашадағы «Еңбекшіқазақ ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж

азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы» №20-4 шешімі негізінде және жоғарыда көрсетілген заңнамаларына сәйкес төленген.

д) 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақыларға жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

451/016 «18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар» бағдарламасы бойынша жәрдемақылармен 2016 жылы 8324 бала және 2017 жылы 6894 бала қамтылған. Бұл жәрдемақыларды төлеу барысында Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» №63 Заңы мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 5 мамырдағы № 319 бұйрығын басшылыққа ала отырып төленген.

е) Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз етуге жұмсалған қаражаттардың негізділігі.

451/017 «Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету» бағдарлама бойынша 2016 жылға 64672,6 мың теңге және 2017 жылға 117734,9 мың теңге бөлініп игерілген.

Бөлінген қаражаттарды игеру барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі «Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесін бекіту туралы» №754 Қаулысы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы «Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы» №26 бұйрығы негізінде 2016 жылы 654 адам, 2017 жылы 1041 адам қамтылған.

*Бағдарлама мәселесі: Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.*

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:**

**3.1.1. Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:**

Осы аудиторлық есептің негізгі бөлігінде көрсетілген аудит бағдарламасы мәселелері бойынша жергілікті бюджет қаражатын, оның

ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізілді. Жүргізілген аудит барысында мемлекеттік аудит объектісінде жалпы соммасы 27,3 мың теңгені құрайтын 1 қаржылық бұзушылық анықталды. Атап айтқанда, бюджет қаражатын пайдалану.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйегіндегі №1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегендегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысының 10 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, жергілікті жерге іссапарға жіберілген кезде, одан іссапарға жіберілген қызметкердің тұрғылықты жеріне күн сайын қайту мүмкіндігі болса, мынадай тәртіппен шығыстар өтеледі: егер іссапарға жіберілген қызметкер тұрғылықты жеріне күн сайын қайтып келсе, онда жол жүру билеттері болған кезде тәулікақыны төлемей, тек қана көліктік шығыстар өтеледі. Жоғарыда аталған қаулының талаптары сақталмай, яғни аванстық есебі берілмей мекеме қызметкерлеріне жалпы сомасы 27,3 мың теңге іс сапар шығындары негізсіз есептелініп төленген.

**3.1.2. Аудиторлық іс-шараның негізгі нәтижелері:** Мемлекеттік аудит жүргізу барысында мемлекеттік аудит нысанымен қаржылық және шаруашылық операциялар жүгізу заңнамалары, ішкі нормативтік актілер және нысан қызметінің тиімділігі құжаттары айтарлықтай сақталғаны анықталды. Мемлекеттік саясатты жүргізуге аудит объектісінің әсер етуі және пайдаланылған қаражат аудит объектісі тарапынан қаржы жоспарына сәйкес тиісті бағдарламалар бойынша өз міндеттерін атқару қанағаттанарлық.

**3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер:** мемлекеттік аудит жүргізу барысында аудит объектісінің жауазымды адамдарының тарапынан кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

**3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:** 27,3 мың теңге негізсіз төленген іс-сапар шығындары аудит барысында жергілікті бюджет есебіне 206109 кодына аударылды.

#### **IV. Қосымшалар:**

- 1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап, №1 қосымша (2-парақта);
- 2) Ұсыным, (1-парақта);
- 3) Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №2 қосымша (0- парақта);
- 4) Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындалуы туралы кесте, (7 парақта);

5) Анықталған бұзышылықтар бойынша аудиторлық дәлелдемелер:

- мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі бұзушылықтар мен кемшіліктер фактісін растайтын құжаттардың белгіленген тәртіппен расталған көшірмелері, (0-парақта);

- функционалдық және лауазымдық міндеттеріне сүйене отырып, жол берілген бұзушылықтарға қатысы бар адамдардың жазбаша түсініктемелері, (1-парақта);

6) Бюджет есебіне қайтарылу жөніндегі түбіртектің расталған көшірмесі, (1-парақта);

7) Жауапты тұлғаға қолданылған тәртіптік жаза туралы бұйрықтың расталған көшірмесі, (1-парақта);

9) Аудит объектісінің құрылтай құжаттарының расталған көшірмелері, (7-парақта);

10) Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы апта сайынғы есеп, (2-парақта);

11) Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі, (1-парақта).

Тексеру комиссиясының жұмыскері(-лері):

Бас маман-мемлекеттік аудитор

Н.Шыңғысбаев

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар: \_\_\_\_\_

(лауазымы)

\_\_\_\_\_  
(КОЛЫ, ТАӘ (болған жағдайда))

Аудиторлық есеп 2 данада жасалды.

№ 1 данасы – бланк №006649 Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясына, 2-ші дана №006650 бланкте «Еңбекшіқазақ ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне.